



**6В01513 – БИОЛОГИЯ
6В01523 – БИОЛОГИЯ (ІР)
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ ЕСЕБІ**

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ
БИОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ**



Бағдарлама деңгейі	Бакалавриат
Білім беру саласының коды мен атауы	6B01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағытының коды мен атауы	6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау
ББ тобының коды мен атауы	B013 - Биология мұғалімдерін даярлау
ББ коды мен атауы	6B01513-Биология, 6B01523-Биология (IP)
ББ түрі	Қолданыстағы ББ

Студенттің/түлектің атрибуттары

A

Жоғары этика мен парасаттылықты ұстанады

B

Көптілді, мәдениетті және қоғам алдындағы жауапкершілігі жоғары және тұрақты даму мақсаттарын ұстанады.

C

Заманауи цифрлық технологияларды меңгерген

D

Көшбасшы, жаңа мүмкіндіктер іздейді және шешім қабылдайды.

D

Жаңа идеялар ойлап табады, өзгерістер енгізуге ұмтылады



6B01513-Биология білім беру бағдарламасының сипаттамасы

Қазіргі таңда 6B01513 – Биология мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша дайындығы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің ҚР ҒБМ тарапынан 03.02.2012 жылы бекітілген №013708 санды мемлекеттік лицензиясына қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. Лицензияның әрекет ету мерзімі шексіз.

БББ мақсаты: Білім алушылардың тұлғалық жалпы мәдениетін қалыптастырып, қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму заңдылықтарын меңгеруін қамтамасыз етіп, кәсіби білімнің іргетасы ретінде теория мен практиканы ұштастыратын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде заманауи әдістерін қолданатын, жоғары интеллектуалды, ұшқыр ойлы, бәсекелестікке қабілетті жоғары білікті педагогтарды даярлау.

Берілетін дәреже «6B01513 – Биология » білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры.

Қолдану саласы «6B01513 – Биология » білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

Маманның лауазымдарының тізімі: жалпы білім беретін мектептің биология мұғалімі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының биология оқытушысы, білім беру мекемелеріндегі зертханашы.

Кәсіби қызмет функциялары мен түрлері

Функциялары: білім беру ұйымдарында биологияны кәсіби қызмет нысанына сәйкес оқыту; қазіргі педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы педагогикалық және тәрбие қызметтерін жүзеге асыру; биология бойынша сыныптан тыс жұмыстар өткізу болып табылады.

Түрлері: білімділік; эксперименттік-зерттеу; ұйымдастыру-басқару; әлеуметтік-педагогикалық; оқу-тәрбиелік; оқу-технологиялық болып табылады.

Кәсіби қызмет объектісі: жалпы білім беретін мектептер, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары; білім басқармалары (департаменттері)



6B01523 – Биология (IP) БББ сипаттамасы

Қазіргі таңда 6B01523 – Биология (IP) мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша дайындығы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің ҚР ҒБМ тарапынан 03.02.2012 жылы бекітілген №013708 санды мемлекеттік лицензиясына қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. Лицензияның әрекет ету мерзімі шексіз.

БББ мақсаты:

Білім беру бағдарламасы кәсіби қызметінде инновациялық технологияларды, оның ішінде STEM-, CLIL-, IT-технологияларын қолдана алатын, тұжырымдамалық және теориялық білім саласында, ғылыми зерттеулер жүргізуде және ғылымда оларды қолдануда педагогикалық және пәндік құзыреттіліктерге ие білікті биология мұғалімін дайындау

Берілетін дәреже «6B01523 – Биология» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры.

Қолдану саласы «6B01523 – Биология» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

Маманның лауазымдарының тізімі: жалпы білім беретін мектептің биология мұғалімі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының биология оқытушысы, білім беру мекемелеріндегі зертханашы.

Кәсіби қызмет функциялары мен түрлері

Функциялары: білім беру ұйымдарында биологияны кәсіби қызмет нысанына сәйкес оқыту; қазіргі педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы педагогикалық және тәрбие қызметтерін жүзеге асыру; биология бойынша сыныптан тыс жұмыстар өткізу болып табылады.

Түрлері: білімділік; эксперименттік-зерттеу; ұйымдастыру-басқару; әлеуметтік-педагогикалық; оқу-тәрбиелік; оқу-технологиялық болып табылады.

Кәсіби қызмет объектісі: жалпы білім беретін мектептер, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары; білім басқармалары (департаменттері)



6В01513-БИОЛОГИЯ БББ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН1 - мақсатқа бағытталған белсенді оқыту қабілетін қалыптастырады;-жеке және топта ақпаратты басқаруды, цифрлық технологияларды тарату процесін немесе жолдарын түсіндіреді;-барлық салада экономикалық, кәсіпкерлік және шешімдер қабылдау дағдыларын қолданады.

ОН2 - жеке, мәдени тұрғыдан және кәсіби қарым-қатынас бағыттарындағы мәселелерді реттей алады; мемлекеттік және шет тілдерінде табысты академиялық, кәсіби және әлеуметтік қарым-қатынас орнатады

ОН3 - -қоғамды сақтау және дамыту үшін рухани құндылықтардың маңыздылығын ұғыну мен қарым-қатынастың этикалық нормаларын қолданады, сыни тұрғыдан ойлау қабілетімен әрекет етеді, тарихи деректер мен қағидаттарды қолданады; қоғамның өмір сүру ортасы мен экологиялық танымды білу, өзіне қатысты құқықтық, адамгершілік міндеттемелерді, құқықтық сауаттылығын арттыру арқылы қоғамға үйретеді, кәсіби қызметте осы білімдерін қолдана алады

ОН4 - оқу-тәрбие үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді біледі; оқушылардың жас ерекшелік дамуындағы психофизиологиялық ерекшеліктерді есепке ала отырып, білім алушылардың жетістіктерін диагностикалау әдістерін және педагогика мен психологияның теориялық негіздерін қолдана біледі

ОН5 - психологиялық, психофизиологиялық дамудың жалпы, өзіндік және жеке ерекшеліктерін және инклюзивті білім беру құндылықтарын есепке алу құралдарын пайдалануға қабілетті, инклюзивті білім беру ұстанымдарын және бағалау мен басқаруды оқу-тәрбие үдерісінде нормативті реттеуді біледі

ОН6 - тірі ағзалардың құрылысын, негізгі қасиеттерін молекулалық, клеткалық және ұлпалық деңгейде зерделеп, ағзаға тән функциялар мен физиологиялық процестердің жүру механизмін айқындайды

ОН7 - тірі ағзалардың тұқым қуалаушылық пен өзгергіштігінің молекулалық механизмдері мен заңдылықтарын, генетикалық және биохимиялық әдістерін, биотехнологияның қазіргі таңдағы даму деңгейін танып, биотехнологиялық әдістердің көмегімен селекция процесін жүргізе алады

ОН8 - табиғатты қалпына келтіру мен биоресурстарды пайдалану, табиғатты қорғау салаларын басқаруда қолданбалы зерттеу әдістерін біліп, биологиялық ғылыми түсініктерді қолданады

ОН9 - қазіргі таңдағы білім берудің ұлттық моделіне сай оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологиялардың, педагогикалық жұмыста қалыптасқан нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуды қалыптастырады

ОН10 - сыни тұрғыдан ойлау мен ұйымдастыру, басқару икемі, келісімдер жүргізе алу қабілетін, күнделікті кәсіби қызметте және білімді жалғастыруға қажетті жаңа білімдерді алу дағдыларын меңгереді

ОН 11 - теориялық және эксперименттік зерттеу әдістерін қолдану іскерлігін қалыптастыру арқылы, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, зерттеу нәтижелеріне қорытынды жасай алады

ОН12 - кәсіби әрекетінде биологиялық объектілерді дала және зертхана жағдайында зерттеп, ғылыми тұрғыда жоспарлап, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді сыныптық және далалық бақылауларды ұйымдастырып, ғылыми-техникалық жобалар мен есептерді құрастырып, алынған ақпаратты жинақтап, саралайды



6B01523 – БИОЛОГИЯ (IP) БББ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1– қазақстандық қоғамның әлеуметтік, іскерлік, мәдени-құқықтық және этикалық нормаларына сәйкес әрекет ете отырып, әлеуметтік-саяси, экономикалық және құқықтық білім негіздерін пайдалана отырып, тұлғалық және кәсіби бәсекеге қабілеттілікті көрсете отырып өзінің моральдық және азаматтық ұстанымын дамыту;

ОН 2- тілдік құзыреттіліктерді дамыту үшін аналитикалық және сыни ойлауды пайдалана отырып, мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың әртүрлі салаларындағы жағдайларды бағалау;

ОН 3 - ғылыми-педагогикалық зерттеулер саласында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін, ақпаратты өңдеу мен синтездеудің заманауи әдістерін, жасанды интеллект технологияларын қолдану;

ОН 4 – қоғам мен табиғаттың тұрақты дамуын, толыққанды әлеуметтік және кәсіби іс-әрекетті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтына бағытталу;

ОН 5 – жеке тұлғаға бағытталған, құзыреттілікке негізделген, инклюзивті тәсілдер қағидаттарын ескере отырып, білім беру ортасының әртүрлі түрлерінде оқыту, тәрбиелеу, бағалау әдістерін әзірлеу және қолдану;

ОН 6 – зертханалық және далалық зерттеулерді жоспарлау, жүргізу, деректерді жинау және өңдеу үшін әдістеме таңдау мен талдауды жүзеге асыру;

ОН 7 - сындарлы педагогикалық және әлеуметтік қызмет, өзінің педагогикалық дамуы мен әл-ақуалы үшін кәсіби қарым-қатынастарды құру;

ОН 8 - күнделікті кәсіби іс-әрекетке және білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға қажетті сабақтас ғылымдар бойынша білімдерін интеграциялау;

ОН 9 - табиғаттағы заңдылықтарды, құбылыстар мен процестерді түсіндіру, дүниенің жаратылыстану-ғылыми бейнесі туралы тұтас көзқарасты қалыптастыру үшін жаратылыстану пәндерінің тұжырымдамалық теориялары мен заңдарын пайдалану;

ОН 10 - биологияның іргелі негіздерін және оның дамуының қазіргі тенденцияларын, биологиялық жүйелердің әртүрлілігі мен қызметі, олардың көптүрлілігі мен эволюциясы туралы білімдерін пайдалану;

ОН 11- тірі табиғаттың деңгейлік ұйымдасуын, адамның биологиялық табиғаты мен әлеуметтік мәнін талдау, ғылыми дүниетанымын, экологиялық және генетикалық сауаттылығын көрсету;

ОН 12- стандартты емес мәселелердің шешімдерін жасау және ұсыну, академиялық жазылым дағдыларын, академиялық адалдық қағидаларын пайдалана отырып, биологиялық және педагогикалық зерттеулерді жүргізу және модельдеу;




БББ пәндері



Міндетті пәндер

- 1.Мамандыққа кіріспе
- 2.Цитология және гистология
- 3.Өсімдіктер анатомиясы мен морфологи ясы
- 4.Өсімдіктер систематикасы
- 5.Дәрілік (медициналық) өсімдіктер
- 6.Эволюциялық теория
- 7.Гербарий әдістері
- 8.Генетика негіздері
- 9.Омырқасыздар зоологиясы
- 10.Омырқалылар зоологиясы
- 11.Адам анатомиясының негіздері
- 12.Мектепте биологияны оқыту дың инновациялық әдістері
- 13.Биологияны оқыту әдістемесі



Элективті пәндер

1. Биология пәндерін жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту
2. Мектептегі биология
3. Өсімдіктер физиологиясының негіздері
4. Биотехнология
5. Өсімдіктер интродукциясы
6. Жеке даму биология
7. Адам және жану физиологиясы
8. Микробиология
9. Қолданбалы биология және топырақтану негіздері
10. Биология пәнінен көрнекі құралдар дайын дау әдістемесі
11. Биология пәнінен лабораториялық жұмыс тарды ұйымдастыру
12. Молекулалық биология негіздері
13. Қазіргі заман биологиясының мәселелері
14. Эндокринология

Бенчмаркинг нәтижелері

ЖОО, Рейтинг атауы	2022	2023	2024	2025
Абай атындағы ҚазҰПУ, Атамекен	1 орын	7 орын	12 орын	7 орын
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Атамекен	-	16 орын	15 орын	12 орын

ББ мазмұны Базалық және Бейіндеуші пәндер циклінен – жалпы 56 кредит; (бейіндік пәндер 60-кредитті қамтиды); ББ бойынша барлығы 240 кредит, барлығы – 38 пән.

Қазақстандағы
ЖОО

Абай
атындағы
ҚазҰПУ

«Цитология, гистология және эмбриология», «Организмдердің жеке дамуы (онтогенез)», «Экология және тұрақты даму», «Биогеоценология», «Адам биологиясы», «Адам анатомиясы», «Адам және жануарлар физиологиясы», «Өсімдіктер физиологиясы», «Биохимия», «Эволюциялық ілім», «Салыстырмалы анатомия және тірі ағзалардың эволюциясы», «Молекулалық биология», «Микробиология және биотехнология», «Биометрия», «Эксперименттік биология» пәндері екі университетте де бірдей ғылыми-теориялық негізде оқытылады.



Бенчмаркинг нәтижелері

Абай атындағы
ҚазҰПУ

2025
жылда
7-орын

Студенттер ББ мазмұнын қалыптастыруға ат салысады. Жұмыс берушілердің ұсыныстары, Сауалнама нәтижелері негізге алынады.

Шетелдік университеттердің оқу жоспарындағы пәндермен сәйкестендіру;

Оқытушылардың жоспарға сәйкес жыл сайынғы біліктілікті арттыру курсынан және шетелдік тағылымдамадан өтуін қамтамасыз ету.

Оқытушылар мен ғылыми жетекшілердің ғылым және оқу-әдістемелік істері бойынша көрсеткіштерінің жоғарылығы.

Студенттерді нормативтік құжаттар мен оқу үдерісі бойынша анықтамалардың ақпараттық жүйелерде толық орналасуы. Жол сілтегіш, ЖООда білім беруді іске асырудың ережелері.

Қ.А.Ясауи
атындағы ХҚТУ

2025
жылда
12-орын

Студенттер ББ мазмұнын қалыптастыруға атсалысады. Жұмыс берушілердің ұсыныстары, Сауалнама нәтижелері негізге алынады.

Шетелдік университеттердің оқу жоспарындағы пәндермен сәйкестендіру;

Оқытушылардың жоспарға сәйкес жыл сайынғы біліктілікті арттыру курсынан өтуі.

Ғылыми жетекшілердің ғылым және оқу-әдістемелік істері бойынша көрсеткіштерінің жоғарылығы.

Нормативтік құжаттар



Бенчмаркинг нәтижелері

Финдік білім беру
бағдарламасы

Оқу мерзімі 4 жыл; Теориялық оқу , біліктілік емтиханын, дипломға дайындықты қоса алғанда 254 кредит

Болашақ биология мұғалімдерінің пәндік дайындығына, орта білім мазмұнына сәйкес келетін пәнаралық және зерттеушілік құзыреттіліктерге ерекше көңіл бөледі. БББ білім беру саласындағы заманауи талаптарға жауап беретін және өзгермелілік, белгісіздік, күрделілік және екіұштылық әлемінде өмір сүріп, жұмыс істейтін 21-ғасыр мұғалімдеріне қажетті құзыреттерді қалыптастыратын құзыреттіліктің жаңа бағыттарын анықтайды.

БББ болашақ мұғалімдердің көпұлтты және көпконфессиялы құрамын және олардың оқытуды қолдаудағы әртүрлі қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті тәсілді ұстанады



Бенчмаркинг нәтижелері

Шет елдік ЖОО

Гази университеті,
Түркия Республикасы

Оқу мерзімі 4 жылдан 7 жылға дейін; Теориялық оқу ,
біліктілік емтиханын, дипломға дайындықты қоса алғанда
240 кредит

Гази университетінің *Biology Teacher Training* бағдарламасы мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-дың *6B01523 – Биология* бағдарламасы мақсаты, құрылымы және күтілетін нәтижелері бойынша бір-біріне жақын. Екі бағдарлама да болашақ биология пәні мұғалімін даярлауға, сонымен қатар академиялық бағытта магистратура мен докторантурада білімін жалғастыруға мүмкіндік беретін бакалавриат деңгейіндегі білім береді.

Оқу мерзімі екі университетте де 4 жыл, оқыту семестрлік жүйе бойынша жүргізіледі. Бағдарламаларда теориялық курстармен қатар зертханалық жұмыстардың үлесі жоғары, бұл болашақ мұғалімнің пәндік және практикалық құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.



Бенчмаркинг нәтижелері

100% сәйкес келетін пәндер

**Ғази университетіндегі
General Biology I–II,
Cell and Tissue Biology,
Microbiology, Ecology,
Biochemistry,
Genetics,
Molecular Biology,
Animal Anatomy and Physiology,
Plant Anatomy and Physiology,
Human Anatomy and Physiology,
Animal Embryology**

**ХҚТУ-дағы
Жалпы биология,
Цитология, гистология
және эмбриология,
Микробиология,
Экология,
Биохимия,
Генетика,
Молекулалық биология,
Адам және жануарлар
физиологиясы,
Өсімдіктер физиологиясы,
Адам анатомиясы**



Бенчмаркинг нәтижелері

Кредиттері бойынша айырмашылығы бар пәндер (80–90%)

Ғази университетінде
Biology Teaching I–II,
Teaching Principles and Methods,
Educational Psychology, Measurement
and Evaluation in Education,
Teaching Technologies,
Curriculum Development in Education,
Material Development in Biology
Education пәндері болашақ
мұғалімнің кәсіби-педагогикалық
кұзыреттерін қалыптастыруға
бағытталған.

ХҚТУ-дағы
Биологияны оқыту әдістемесі,
Педагогика,
Оқыту әдістері,
Білім берудегі психология,
Бағалау және өлшеу,
Инклюзивті білім беру,
Оқу үдерісін ұйымдастыру
пәндерімен мазмұны жағынан
сәйкес келеді.



Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері

Қазақстандық ЖОО	Серіктестік жұмыс нәтижесі	Мерзімі
Кентау гуманитарлық-техникалық колледжі	Өзара ынтымақтастық туралы келісім	№21/3140, 16.11.2021 ж
Қорқыт Ата Қызылорда университеті	Өзара ынтымақтастық туралы келісім	№22/1008, 29.04.2022 ж
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	Өзара ынтымақтастық туралы келісім	№22/965, 28.04.2022 ж
Шымкент қаласы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті	Өзара ынтымақтастық туралы келісім	№22/3325, 07.12.2022 ж.



Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері

Жұмыс беруші	байланыс нәтижелері	Растайтын құжат
Жұмабек Ташенов атындағы №23-мектеп-лицейі КММ	ББ жасалды Сауалнама алынды	ББ бағдарламасына сараптамалық тұжырымдама алынды
Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты	ББ жасалды Сауалнама алынды	ББ бағдарламасына сараптамалық тұжырымдама алынды
Түркістан кәсіби – педагогикалық колледжі	ББ жасалды Сауалнама алынды	ББ бағдарламасына сараптамалық тұжырымдама алынды




Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері бакалавр бойынша


Контингент	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
Грант	21	37	82	34
Квота	-	1	2	2
Ақылы	18	3	8	8
Жалпы саны	39	41	92	44



Білімгерлер контингенті




Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері



- Бітірушілер саны -46 ;
- Бала күтімінде-5;
- Оқуын жалғастырғандар -17;
- Жұмысқа орналасқандар -18 ;
- Шетел азаматы- 1 ;
- Жұмыссыз-8;
- Жалпы көрсеткіш: 87,00%



Рейтинг нәтижелері



Атамекен

Атамекен

Атамекен

Атамекен

Атамекен

17/25

28/29

19/23

24/12

20/25

Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері

Сауалнамалар түрі	Нәтижесі
Жұмыс берушілердің ББ-на	• «Биология сабақтарында эксперименттерді ұйымдастыру» , • Биологиялық білімнің дамуындағы жаңа тұжырымдар • Мектептегі биология НОЖ-ға енгізілді
Студент оқытушы көзімен	Орташа балл - 4,77
Түлектер үшін бағалау сауалнамасы	97 %

ББ білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі (9-қосымшаға сәйкес)

ББ бойынша ОПК саны	Бейініне сәйкес оқытылатын пән саны	Бейінніне сәйкес соңғы 5 жылда біліктілік сертификаттары	Үздік оқытушы саны
30	40/27	100%	5



STRENGTHS

Заманауи талаптарға жауап беретін жаңа кітапхананы пайдалануға беруі,
Халықаралық ғылыми базалардың толық мәтіндерге қол жетімділігі;
- Ұлттық және халықаралық рейтингтерде университет елдің және аймақтың үздік оқу орындарының қатарына кіруі.
- Түркия Республикасының озық жоғары оқу орындарымен тығыз ынтымақтастық туралы меморандумдар мен келісім-шарттардың болуы

WEAKNESS

- Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен, оның ішінде түрік университеттерімен қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларының болмауы.;
- Біліктілігі мен әлемдік деңгейдегі тәжірибесі бар, елеулі халықаралық іс-шараларды жоспарлауға және іске асыруға қабілетті мамандардың тапшылығы;

OPPORTUNITIES

Университетті екі мемлекет тарапынан қолдау. Түрік университеттерімен кадрларды даярлау, бірлескен зерттеулер жүргізу, студенттердің ұтқырлығы және т.б. ынтымақтастық мүмкіндіктері
Болашақ бағдарламасы аясында оқытушыларымыз шетелдік жетекші оқу орындарынан тағлымдамадан өту мүмкіндігі; Бітіруші түлектеріміздің 90 пайыз жұмыспен қамтылу мүмкіндігі

THREATS

-Кафедрадағы ғалымдардың 32%-ның жас мөлшерінің зейнет жасында болуы;
-Материалдық-техникалық базаның тозуы;
-ПОҚ шетелдерде біліктілігін арттыру экономикалық дағдарыс әсерінен қаржыландырудың төмендеуі

БББ жақсарту ұсыныстары

- Барлық деңгейдегі білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету көлемі мен сапасын арттыру.
- Университет кітапханасы қорын биология оқулықтарымен қамтамасыз ету мақсатында жаңа оқулықтар сатып алуға ұсыныс жасау.
- Кафедраның аудиториялық кеңейту, қазіргі заманғы оқу- зертханалық базаны қалыптастыру бойынша іс-шараларды өткізу

